

Исходящий номер: 18-2/63 от 15.01.2022

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ
БЕРУ КОМИТЕТІ» РММ



РГУ «КОМИТЕТ ДОШКОЛЬНОГО
И СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел.: (7172) 74-22-92, www.gov.kz/memleket/entities/kdso

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік ел, 8,
тел.: (7172) 74-22-92, www.gov.kz/memleket/entities/kdso

№ _____

**Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент
қалаларының және облыстардың
білім басқармалары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті 2021-2022 оқу жылының 3-тоқсанында орта білім беретін ұйымдарында оқытуды ұйымдастыру бойынша келесіні хабарлайды.

Үшінші тоқсанның басталу күнінің өзгеруіне байланысты, электронды журналын толтыру кезінде орта білім беру ұйымдарына оныншы оқу аптасының бағдарламалық материалын төртінші тоқсанның бірінші аптасына көшіру ұсынылады. БЖБ және ТЖБ өтілген тақырыптар аясында жүргізілуі керек.

4-тоқсанда электронды журналын толтыру туралы ақпарат қосымша жіберіледі.

Төраға

Г. Каримова

*Орын. Мамеров Е.
74-20-32*

Исходящий номер: 18-2/63 от 15.01.2022

3 тоқсан күндерінің ауысуы 2021-2022 жж

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

от «__» _____ 202__ года

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Білім беру ұйымдарының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 725, № 726, № 727, № 732, № 733, № 734, № 735, № 736, № 738, № 739, № 740, № 741, № 742, № 743, № 744, «№ 745, № 757 Жарлықтарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Барлық меншік түріндегі жалпы білім беретін мектептердегі қысқы каникул 2022 жылғы 16 қаңтарға дейін ұзартылсын, 2022 жылғы 17 қаңтар үшінші тоқсанның бірінші күні болып анықталсын.

2. Барлық меншік түрлеріндегі мектепке дейінгі ұйымдар жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша штаттық режимде қызметін жалғастырсын, әр елді мекендегі қалыптасқан жағдайға байланысты қажеттілігіне қарай топтарға біріктірілсін.

3. Қосымша білім беру ұйымдары, арнайы білім беру ұйымдары нақты елді мекендегі орын алған жағдайларға байланысты жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша штаттық режимде қызметін жалғастырсын.

4. Техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында 2022 жылғы 23 қаңтарды қоса алған мерзімге қысқы каникул кезеңі ұзартылсын, академиялық келесі кезеңнің (семестр/триместр) басталуы академиялық күнтізбеге сәйкес 2022 жылғы 24 қаңтар болып анықталсын.

5. Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша қызметкерлердің жұмыс тәртібі нақты елді мекендегі орын алған жағдайларға қарай білім беру ұйымының бірінші басшысының актісімен (бұйрықпен) айқындалсын.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті (Г.Р. Кәрімова), Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж. Тойбаев) осы бұйрықты 3 от 06.01.2022

облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары және жоғары оқу орындары басшыларының назарына жеткізсін.

7. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары осы бұйрықты аудандық және қалалық білім бөлімдері басшыларының назарына жеткізсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрлеріне жүктелсін.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы**

А. Аймағамбетов